

АҚМЕШІТТЕ ТУҒАН АБЫЗ

Өтеген Оралбайұлы,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі, Президент сыйлығының лауреаты, ақын, филология ғылымдарының кандидаты,

Астана қаласы

Атырау облысының Кең Жылой ауданында тарихи-мәдени ескерткіштер, аты аңызға айналған киелі де қасиетті жерлер баршылық. Олардың барлығы да ел аузында құрметтеліп, халық жадында жақсы сақталған. Аңыз-әфсаналар ауыздан-ауызға жетіп, күні бүгінгі күнге дейін ардақты атын, асыл затын, аяулы киесін сақтап келген. Талай ғасырлық тар кезеңнің шежіресі болған қарт өзен, қасиетті су – Жем бойында талай оқиғалар мен дүрбелеңдер болған. Ақ беренін өңгеріп, алдаспанын жарқылдатып, қорамсаққа қол салып, қозы жауырын оқ алып, талай есіл ерлер өткен. Көктемде тентек, жазда баяу, күзде қаяу болатын Жем кезінде аттылыны ықтырып, түйеліні тәубесіне келтірген өзен болған. Бұл судың бойында жеті жұрт отырып, жеті жұрт көшкен. Әрқайсысынан аңыз мен әфсана, сыр мен жыр қалған.

Сол, еңку-еңку жер шалған ерен ерлердің қатарында, абыз әулие Бекет Ата да болған. Жастық жылдарын батырлық пен батылдықтың еркіне берген Пір Атаға осы қасиетті Жемнің бойында ата-баба аруағы аян беріп, енді ол алмас қылышын асатаяққа айырбастап, дін жолына түскен. Ең ұлы күш, ең ұлы майдан адамды имандылық пен ізгілікке тәрбиелеу деп түсінген Бекет Ата содан бастап «Алла жалғыз, Мұхамбет оның елшісі» деген ұлы қағиданы ұстанып, ай маңдайын құбылаға ұстаған. Терең діни білім мен тағылымды имани шарттарды жан дүниесімен жан-жақты сезініп, Жаратқанға жақындай түскен. «Құдай – жүректе» деген сөзді айтқан ұлы қаламгер Лев Толстой өмірінің ақырғы сәттерінде Меккеге бармақ болып, үйінен кетіп, Стамбулды бетке алғанда жолда жұмбақ жағдайда қазаға ұшыраған ғой.

Күнделігінің ең соңғы парақтарында «мен қандай жағдайда болса да өзімді мұсылманмын деп сезінемін» деп сөз қалдырған. Данышпан Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дейтіні осы Толстойдың пікірімен үндес. Бұл абыздар Алланың ұлы жаратушы екенін, ислам дүниедегі ең ізгі де игі дін екенін жүрекпен сезінген. Абайдың әкесі Құнанбай қажылыққа барып,

Меккеде қонақ үй салғанда ислам дінінің құдыреті мен қасиетін жанымен түсінгендіктен осындай іске барған. Демек, Ата да ұлылардың осынау ұлы танымын ерте зерделеген. Оның басқан ізі мен жүрген жолына Абайдай хақім, Шәкерімдей ақындар түсіп, иманның ақыл таразысына адамдық қасиетті безбендеген.

Қазақ даласының әр қиырында да қасиетті жерлер мен қастерлі орындар баршылық. Осынау ұлы мекендерде дүниеге келген бабалар күллі қазақ баласының ортақ мақтанышына айналған. Ұлы дін – исламның жер-жаһанға тарауына өлшеусіз үлес қосқан сол бабалардың әулие болмасқа амалы қайсы?! Алла тағаланың ерекше жаратуымен өмірге келген олар ұлы миссияны – адамды ізгі жолға салудың міндетін орындауға тиіс болатын. Осындай ұлы міндетті орындау жолында пәни дүниеде байлық пен дәулеттен баз кешкен ұлыларды адамзат ұрпағы енді «Мединеде Мұхамбет, Түркістанда Хазырет, Маңғыстауда Пір Бекет» деп құрметтеп, құбылаға карап, жайнамазға жығылады.

Бұл абыздар дүниеге сәби боп туылып, өмірден де сәбилік тазалығын сақтап өткендер. Тағылымды тақпаққа айналған осы үшеудің өмір жолын, ұстанған діни бағытын, осы жолда көрген қиыншылықтары мен ауыр жағдайларын жазбаған жан кемде-кем. Қазақ жұртының батыс аймағы Пір Бекетті көбірек жазды, көбірек аңыздады, көбірек айтты, көбірек тілге тиек етті. Біз бала кезімізден «Я, Бекет, я, Бекет» деп осы есімге сиынып өстік. Киіз үйдің жиһаздарын түйеге артып, көш керуен болып жайлауға көшкенде, күзде қыстауға қарай бет алғанда анам Шәкес Сәрсенқызы (бұл кісі адайдың алдаспаны Сүйінғара батырдың ұрпағы) түйетайлы еңістер мен өрлерге келгенде осы бір құлаққа сіңген қасиетті сөзді талмай айтып, тапжылмай сиынып отыратын. Жемнің бойын жағалап, тоғайлы жерді сағалап келіп қонатын сол көш көбіне Ақкиізтоғайдың терістік бетіндегі Аманбай тоғайды көземелдеп, алыстан аппақ болып мұнартып жататын ақборық аласа тауды іргелеп келіп қонатын. Біздің үй осы жерде талай жыл отырды.

«Мына таудың үстінде көлемі қазан аузындай үңгір бар, ішіне түспеңдер, шыға алмай қаласыңдар, үстінде де аяқасты қылып ойнай бермеңдер» деп әкем жарықтық күн сайын ескертіп қоятын. Ескертіп алып, өз-өзінен күбірлеп, бетін сипап жататын. Мүмкін бізді баласынды, мүмкін сол кездегі анталаған атеизм қолын байлады, әкем маған ол кезде осы жерде Бекет Атаның дүниеге келіп, кіндігі кесілген жер екенін айта қойған жоқ. Бірақ менің кіндігім де осы маңда, Ақмешіттің Қайнар жағында кесілгенін айтты. Сондықтан да менің ішімде сан жылдар бойы «мен Бекет Атаның

туған жерінде тудым, жерлеспін» деп айтсам ба деген мақтанышты сөз тығылып жатты. Әлі де олай деп айта алмаймын, тек осы жерде туғанымды мақтан етемін. Сол себепті де Ақкиізтоғайдың түлегі, арқалы ақын Меңдекеш Сатыбалдиев ағам шет елде жүргенде «Сіз Мұхтар Әуезовтің еліненсіз бе?» деп сұрағанда: «Мұхаң ба, Мұхаң, сол менмін деуге шақ қалдым» деп мақтанғанын жазғандай, бір ой менің де пендешілік ойымды қамшылап та кетеді.

Атыңнан айналайын, Ақкиізтоғайым менің! Сен мен үшін ғана емес, исі қазақ үшін қасиетті мекенсің. Өмірге дана да данышпан, абыз да әулие Бекет Атаны әкелгенің үшін. Бекет Атаны самалыңмен сипап, Жеміңе шомылдырып, күніңмен қағып, аязыңмен аймалап, құмыңмен күйдіріп, бір қызына сүйдіріп, ұлы адамды бесігіңе бөлегенің үшін, саған мың тағзым! Ақмешітте жатқан аяулы жандар: Атаның атасы Жаналы, әкесі Мырзағұл, анасы Жәния, баласы Тоғай. Одан басқа да осы қауымда жатқан аруақтар бар. Бұл аруақтардың бәрін де біз мақтан етеміз.

Он тоғызыншы ғасырдың 50-ші жылдары Ресей картагерлері мен жиһангездері осы өңірде, Үстірт үстінде болған. Әскери топограф П. Алексеевтің жазуында Ақмешіт аймағы қағазға түскен. «Солтүстік Үстірттің Жемге дейінгі аралығының топографиялық сипаттамасы» деген еңбегінде: «...Бекеттің Ақмешіті Жем өзенінің сол жағындағы Қандыарал шатқалынан төменде 38 шақырым жерде. Оған өзен жақтағы қапталынан жақынырақ барып қарағанда адам әрең сиятын, қасқырдың үлкен апанына ұқсас ойындыны көреміз.

Осы ойынды жер астына қарай 3 сажындай барған соң тіке оңтүстік батыс бағытындағы диаметрі 2,5 сажын, биіктігі 4 аршындай болатын, күмбезі тегіс, төбесінде жарық түсетін ойықшасы бар дөңгелек бөлмеге әкеледі... Қазақтар мұсылман шарифаты бойынша бұл жерге жыл сайын бір рет барып тәу етеді» деп жазады. Ақмешіттің ішіндегі бөлмелер мен құлпытастардың техникалық өлшемдерін жазған Алексеевтің қазақтың мұсылмандығына таңғалған сөзінен де көп жайды аңғаруға болғандай. Ол Бекет Атаның ерекше қасиеттері туралы айтылған әңгімелерге бірде сеніп, бірде сенбесе де, бірақ осы жердің қасиеті мен құдыретін мойындаған.

Киелі мекен Ақкиізтоғайдың ауасын жұтып, суын ішкен, жұпарын кешіп, құмына аунаған талай абзал да ардақты ағалармен де жерлеспін. Ал бұл топырақта қасиетті Бекет Атаның ізі жатыр. Мәңгілік.

Қазақ сөзінің қара нары, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбайдың атасы Қожаназар келін түсіріп, Айшуақ ханды тойына шақырғанда, шақыруды құрметпен қабыл алған хан осы Ақкиізтоғайға келген екен. Өзіміз талай жалаңаяқ жүгіріп, жағалай тігілген ақшаңқан киіз үйлердің көшесінде асыр салған ауыл іргесіндегі, Жем жағасындағы тепсең менің әлі көз алдымда. Сол тепсеңге Қожаназар көп үй тігіп, тарантасты күймемен тойға келген Айшуақ ханның аяғы топыраққа тимесін деп бір жарым шақырымға содыра ақ киіз төсеген. Содан кейін бұл жер Ақкиізтоғай атанған.

Бұл Ақкиізтоғай содан бергі тарихи кезеңдердің бәрін көзбен көрген, көңілмен сезінген киелі жер, қасиетті топырақ, қастерлі атакүлдік. Осы атакүлдікте бала боп ойнаған, дана боп ойлаған Пір Бекеттің бозбала шағы өткен. Жемнің жуас толқындары оның балғын денесін жуған, аппақ құмы табанын қыздырған, ибалы талы оның алғашқы албырт кезеңінде садақ болып қарына ілінген, тепсеңді тебініп шыққан көкорайы жатса арқасын сипаған, жұпары үстінде аңқыған.

Ата алысқа сапар шеккенде алғашқы жолы осы жерден басталған. Тарихи деректер бойынша Атаның ілім қуып, ізденіске түсуі 13-14 жасынан басталған. Бәріміз білетін бір аңыз әңгімені еске түсірсек, нағашысы Назарқожаға бет алып, ауылына келгенде жаугершілік болып, бұл елдің еркек кіндіктері атқа қонып, бел асып кеткен көрінеді. Барымтаға түскен малды Бекет Атаның айтуы бойынша бейбіт жолмен қайтарып алып келгенде, жолдағы өзен бұрқ-сарқ тасып, өткел бермей жатады. Сол кезде көп салтаттының ішінен біреу телегейге түсіп, тартып кетеді де, өзеннің ортасына барғанда бір саусағын көтеріп белгі береді де, ізінше атымен бірге суға батып кетеді. Әлгі адам енді бір көрінгенде бес саусағын көрсетеді де, көзден мүлдем ғайып болады. Назарқожа жасақты түгендесе, бәрі де аман-сау. Сонда бұл жұмбақтың сырын бала Бекет: «Әуелі бір саусағын көрсеткені, пендем, құдайың жалғыз, оны шын ниеттен мойында дегені, ал бес саусағын көрсеткені бес уақыт намазыңды ұмытпа дегені. Баршамызды ақылға шақырып, жол-жоба көрсетіп жүрген Алланың елшісі Қыдыр Ілияс болғаны» деп жауабын айтады.

Неге екенін, бір Алла біледі, мен сондағы Қыдыр Ілияс көрінген, яғни суға батып көрінбей кеткен осы қасиетті Жем болар деп болжалдаймын. Бекет Атам да осы суға түскен ғой, осы судан мейірі қанғанша ішкен ғой деген ой келгенде денем әлі күнше шымырлап кетеді. Талай ұрпақ осы Жемге түсіп те, ішіп те күн кешті ғой. Мен де сол асыл жандардың

артындағы бір тұяқпын деп ойлаймын де, Жемнің құдыретін одан әрі терең сезіне түсемін. Мен де осы Ақкиізтоғай топырағынан балаң кезімде білім іздеп, Атаның аруағына сыйынып, Алматы асып едім. Атамның аруағы қолдап, қалаған оқуыма түстім, өнер қуған талай қазақ балаларының қатарынан табылдым, аты-жөнім азды-көпті танылды, отбасын құрып, ұрпақ өрбіттім. Сан тарау өмір жолын сәтті өтіп келемін. Мұның бәрі киелі Ақкиізтоғай топырағының қолдауы деп ойлаймын.

Он төрт жасқа толып, әкесінен ілім іздеуге рұқсат сұрап атақты Пақыржан қожаны іздеп шыққан бала Бекет кейін осы топыраққа дана Бекет болып оралды. Қазақ жұртының төрт қиырынан мешіт салды, бала оқытты. Ислам дінінің аса құдыретті игілікті ілімін жас ұрпақтың бойына дарытты. Пақыржан қожадан алған көк асатаяқ әлі күнге дейін Пір Бекеттің көзіндей, әулиенің сөзіндей болып, оның ұрпағының қолында аман-есен сақтаулы. Кешегі әпербақан, алашапқын күндерде де ол сұмның қолына, сұқтың көзіне түспей, өзін-өзі сақтай білді.

Бекет Ата туралы көп айтылды, көп жазылды. Мұның бәрі Атаның аруағын сыйлағандық, құрметтегендік, қастерлегендік, тәу еткендік, тағзым етіп, тізе бүккендік. Бірақ бұл айту мен жазу ешқашан бітпейді, жалғаса береді. Әбіш Кекілбай: «Әлсізге Медет, Күштіге Айбар, Зарыққанға Жебеу, Тарыққанға Демеу, Асқанға Тосқан, Сасқанға Сая, Ұрпаққа Ұстаз, Ұлысқа Ұран, Ел Иесі, Жер Киесі, Пір Атаға қанша тағзым қылсаң да, артық емес деп білеміз» деп жазғандай, Атырау, Маңғыстау елінің бас болуымен, осы елдің бетке ұстар азаматтарының қолдауымен дәстүрлі түрде беріліп келе жатқан Ата асының ұлағаты да ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде тарай береді. 260 жылдық кезең ел тарихының елеулі кезеңінде, Атамыз армандаған азат күндерде өтіп жатқаны қандай қуаныш, қандай бақыт! Бар болсын, басы-қасында жүрген бағлан бауырлар! Қазір Атаның аты байтақ Қазақстан аумағында кеңінен аталып жатыр. Күні кеше Алматы облысының атақты Үшқоңыр жайлауында Атаға арнап ас берілді. Тағылымды, үлгілі бас қосу болды. Алыс пен жақын, үлкен мен кіші тегіс атсалысты.

Ас пен тойдың тағылымы неде? Соңында сәулелі сөз, саналы тірлік, сапалы ілім қалуында. Осы орайда жақсылардың құлағына алтын сырға етіп айта кетер бірер ой да қылаң беріп, ортаға сала кеткенді жөн көріп отырмыз.

Біріншіден, Бекет Ата туралы айтылған, жазылған, аңыз боп жеткен, тарихи мұраларда қалған, шежіреге түскен жазбалардың бәрін жинап, жанрлық жағынан жіктеп, ғылыми айналысқа түсетіндей етіп зерделеп, саралап, «Бекет Ата» туралы энциклопедия шығарылса;

Екіншіден, Атаға арналған өлең-жырлар мен арнау-дастандар да үлкен бір кітапқа жүк болғандай, осыларды жинақтап, Атаға арналған антология құрастырылса;

Үшіншіден, биылдан бастап барлық мектептерде дін тану сабағы жүре бастады. Осылардың ішінде ислам дініне орын молдау берілген. Осы мүмкіндікті пайдаланып, жергілікті жерлерде, әсіресе Ата дүниеге келіп, ғұмыр кешкен батыс өңірлерде Атаның өмірбаяны мен ілімі мектеп оқушыларына кеңінен баяндалуына жағдай жасалса;

Төртіншіден, Бала Бекеттің Дана Бекетке айналуында алтын босаға болған Ақкиізтоғайдың атын жан-жақты насихаттау жолға қойылса;

Бесіншіден, діни оқу орындары мен медреселерде үздік оқитын шәкірттерге Бекет Ата атындағы стипендия тағайындалып, үздік сыныпқа Бекет Ата сыныбы деген атау берілсе.

Бұл айтылғандардың бәрі шын ниет болса, оңай жүзеге асатын жайттар. Сонда бізге Атаның рухы риза болып, бұдан да гөрі желеп-жебеп жүрер еді. Бәрімізге де Бекет Атаның аруағы жар болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекет Ата. Құрастырған Қ.Сыдиықұлы. Алматы, «Арыс», 1994 жыл, 126 бет.
2. Әбіш Кекілбай. «Ел Иесі, Жер Киесі». мақала, «Егемен Қазақстан» газеті, 1994 жыл.
3. Ғафу Қайырбеков. «Маңғыстау маңғаздары». Жыр кітабы, Алматы, «Жазушы», 1983 жыл.
4. Басшы Әзірханов. «Пір Бекет», мақала, «Ақиқат» журналы, шілде 2010 жыл, 78-86 беттер.

В данной статье автор на примере исторических источников и произведений устного народного творчества о Бекет ате, дал объяснение таким понятиям, как аруак, аулие, пир, кие. Также уделил внимание образованию, обретению особого священного статуса.

The author gives explanation to such conception as aruak (holy person), aulie (saint), pir (holy creature) based on historical sources and verbal folk creation about Beket Ata in this article. He also paid attention to education getting special holy status.

